


Олег Винальевич ЮРОВ

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің құрылтайшылар кеңесі, ректорат, профессор-оқытушылар құрамы саяси ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері Олег Винальевич Юровтың қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарына қайғырып көңіл айтады.



Юров Олег Винальевич Украинаның Одесса облысындағы Балта қаласында 1967 жылы 15 қазанда, зиялы қауым отбасында дүниеге келген. 1972 жылы ол ата-анасымен Қазақстанға, Орал қаласына қоныс аударады. 1984 жылы Олег Винальевич Орал қаласындағы №20 жалпы білім беретін мектепті бітіреді. А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында тарих мамандығы бойынша жоғары білім алады. Еңбек жолын Орал қаласындағы №21 мектепте тарих пәнінің мұғалімі қызметінен бастайды. 2000 жылдан бастап М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарады. 2005 жылы Н. Г. Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетінде кандидаттық диссертация қорғап, саяси ғылымдар кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде бөлім жетекшісі, департамент директоры, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, ғылыми-зерттеу және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор қызметтерін атқарады. Екі монография, қырықтан астам ғылыми мақала мен жарияланымдар авторы.

2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде тарих және құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, сапа және аккредитация бөлімінің жетекшісі қызметтерін атқарды. Білім беру ісін дамытудағы еңбегі үшін Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері атанды, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.


Олег Винальевич барлық саналы ғұмырын жоғары білім беру жүйесіне қызмет етуге арнады. Терең интеллект, талантты ұйымдастырушы, білікті басшы, кәсіби маман, педагог-талым дүниеден өтті.

Олег Винальевичтің жарқын бейнесі әріптестері мен студенттерінің есінде мәңгілік сақталады!

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің құрылтайшылар кеңесі, ректорат, профессор-оқытушылар құрамы

«Zhaik Petroleum LTD» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2022 жылғы 18 тамызында сағат 11:00-де БҚО, Бөйтерек ауданы, Белес ауылдық округі, Белес ауылының мәдениет үйі, М. Маметова көш. 11 мекенжайында «Zhaik Petroleum LTD» ЖШС үшін 2022-2031 жж. қоршаған ортаға ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларын нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылаудың бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғаудың іс-шара жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Қараң тінді жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM пл афформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн-режимінде өткізіледі. Тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек [https://есорортal.kz/](https://us04web.zoom.us/j/79008630026?pwd=okw8XEb07x74bQSGXbSyNHJpNk1L1. конференция сәйкестендірілген: 790 0863 0026, кіру коды: kN2xhw. Жобаға тапсырыс беруші: «Zhaik Petroleum LTD» ЖШС, мекенжайы: БҚО, Орал қ., Ескалиев көш. 291-11, БСН120940008923, e-mail: zhaikretroleum@list.ru, 8 7010703131. Жобаны әзірлеуші: «Техбұлақ» ЖШС, мекенжайы: БҚО, Орал қ., Сарайшық көш. 44/3, БСН 11240020185, e-mail: teknbulak@mail.ru, 8 (712)50-30-46. Жоба бойынша құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында <a href=) сайтында орналас-тырылды. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Газет 19 Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетіне 2022 жылғы 15 қыркүйде тіркеліп, №10208/Р100046884 күшіне берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Табылғали САПАРОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН

Сырымбек ТҰЯҚОВ,

Алтынбек ЕРМЕКҚАЛИЕВ
(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.

Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.

Жауапты хатшы 54-38-22.

Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.

Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.

Деректердің дөңдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция қазырасын білдірмейді.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламаңы төленбейді. «Орал өңірі» жарияланған материалдарды сілтемесі кешіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.

А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Атаммен мақтанамын

Шындығында, көненің көзіне айналған қарттар – біздің рухани қазынамыз. Олар, әсіресе, ауылдық жерлерде көп-ақ. Тілін тауып сөйлетсе білсең, ұзақ толғап, әңгіме шертеді, көмейлерінен жыр-қиссаларды ақтарады. Сондай қадірменді ақсақалдардың бірі – марқұм менің атам еді.

Менің атам Зинешов Ерболат Зинешұлы 1941 жылы Бөкей ордасы ауданының Бөрлі ауылында, қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. Еңбекке ерте араласқандықтан ба, елге елеулі бола білді. Көптеген жоғары қызмет атқарып, ауданның ардақты азаматына айналды. Жаңақала, Бөкей ордасы аудандарының құрметті азаматы атануы осы сөзіме нақ дәлел бола алады.

Қазақ шежіресінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде орны зор екенін өмір өзі талай дәлелдеген. Менің атам да шежіремізді тереңнен қозғайтын. Ол кісінің айтқандарын оқулықтармен, кітаптармен салыстыра отырып, талай зерделедім. Ол өзінің ерекше қабілеті арқылы ел мен жердің тарихы, көне дәуірлер шежіресі, айтұлы тұңғалардың соңынан қалдырған ғибрат сөздеріне аса құлақ қойып, бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіру арқылы айтарықтай үлес қосқан жан. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, атамның тарихи оқиғаларды, өткен ғасырдағы елге белгілі адамдардың ерен істерін, руларын, тіпті қалай өмірден өтіп, қай тұста жерленгенін де мүдірмей, кез келген жерде жатқа айтуы мені таңғалдыратын. Ол аз десеңіз, ән салғанда тыңдаған жандарды ұйытатын даусы болатын.

Әттең, атам 80-ге қараған шағында өмірден өтіп, бізді өкіндіріп кете барды. Ағайынның бітімгері, ауылдың ғана емес, ауданның ардақтасы, ұрпағының асқар тауы, менің атам еді!

«Орнында бар оңалар» демекші, соңында асыл жары, әжем мен ұл-қызы, ұрпақтары қалды. Десек те, орны ойсырап, бейнесі көңілден өшпейді. Еліне абыройлы қызмет жасаған атаммен ғұмыр бойы мақтанудан танбаймын!

Немересі Бауыржан ЗИНЕШОВ

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан облыстық филиалы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан облыстық филиалының 5 желтоқсан 2011 жылғы Ережесінің жоғалғандығы туралы хабарлайды.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазасуар» ПЖҚ РМК Батыс Қазақстан филиалы 2022 жылдың 1-ші жартыжылдығында тұтынушылар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы жартыжылдық қорытындыларын бойынша тыңдалымдар 2022 жылғы 26 шілдеде өтетіндігін хабарлайды:

– сағат 9:00-де Камен ӨУ-нің та-рағушы желілер арқылы ауыз су бе-ру бойынша қызметтердің тұтыну-шыларымен, мекенжайы: Бөйтерек ауданы, Шапов ауылы, өндірістік базаның ғимаратында (2-қабат, акт залы);

– сағат 10:00-де Бөкей ордасы ӨУ-нің магистралдық желілер арқылы ауыз су беру бойынша қызметтердің тұтынушыларымен, мекенжайы: Бө-кей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Әзербайев көш., 10/2;

– сағат 11:00-де Шаған су қоймасы гидротехникалық тірегіш ғимарат-тарының көмегімен жер үсті ағы-нын реттеу бойынша көрсетілетін қызметтердің тұтынушыларымен, мекенжайы: Орал қ., Самар көшесі, 23Б (1-қабат, акт залы);

Барлық тілек білдірушілер шақы-рылады.
– сағат 14:00-де каналдар арқы-лы суармалы су беру бойынша қыз-меттердің тұтынушыларымен, ме-кенжайы: Орал қ., Самар көшесі, 23Б (1-қабат, акт залы).

Газет облыстық «Oral Oniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46

Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 10980, 3 баспа табақ. Газет аптасына үш рет шығады.

Корректорлар:

Н. СҰЛТАНОВА, А. АМАНЖОЛ

Кезекші редактор: **Б. БИСЕНОВ**